

## Качир ауданы тұрғындарының нысаналы топтарына кіретін тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 28 қарашадағы N 413/11 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 желтоқсанда N 3643 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 15.01.2016 № 3 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Качир ауданы аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі бекітілсін:

- 1) ұзақ (1 жылдан көп) жұмыс істемеген тұлғалар;
- 2) 29 жасқа дейінгі жастар, қоса алынады;
- 3) бір де бір жұмыс істейтіні жоқ отбасынан шыққан тұлға;
- 4) бұрын жұмыс істемеген (жұмыс өтілі жоқ) тұлғалар;
- 5) жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіптік оқуды аяқтаған жұмыссыздар;
- 6) 50 жастан асқан тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күн өткеннен кейін күшіне енеді.

*Аудан әкімі*

*Н. Кұлжан*